

# СЕМИОСФЕРА

## Мәдениеттердің өзара әрекеттесуі теориясының құрылымы (семиотикалық аспект)

3-тарау. Мәдениет және ақпарат





Әдебиеттерді зерттеудің ұлттық материал шеңберінен шығуы мифологиялық мектеп және үндіеуропалық тіл білімімен байланысты болды. Бұған түрткі болған – осыған дейін өзара ортақ тұстарының болуы күтілмеген мәтіндер арасында түрлі деңгейлерде байқалған сәйкестік фактілерінің анықталуы еді. Кейіндері «сырттан алу мектебі», мәдени-тарихи мектеп, Маррдың сатылық мектебі сияқты бірінің орнын бірі басып отырған мектептердің барлығы өз ғылыми назарын бір мәселеге: мәдени және тарихи тұрғыда бір-бірінен алшақ әдебиеттер, мифологиялар мен халықтық-поэтикалық дәстүрлердегі атаулардың, уәждердің, сюжеттер мен образдардың сәйкестігіне аударып келді. Бұл мәселе қазіргі зерттеулердің де назарынан тыс қалмай келеді. В.М. Жирмунский мен Н.И. Конрад еңбектерінде барынша айқын көрініс тапқан тұжырымдаманың өзі осынау бір жарым ғасырдан астам уақытқа созылған бұл ізденістердің нәтижесі деп санала алады.

Бұл еңбектерде әдебиеттің салыстырмалы зерттелуі нақты әдістемелік формаларға ие болды: мәтіндер және олардың жеке элементтері арасындағы жақындықтардың жігі анықталды. Осы ретте негіз ретінде Тэйлор ұсынған деңгейлік бірлік идеясы алынып отыр. Онда Гетенің «әлемдік әдебиет» тұжырымының жүзеге асу мүмкіндігі ұшқын береді. Деңгейлік бірлік идеясында ғалым жүргізіп отырған типтік салыстыру мен өзі зерделеп отырған мәдени-тарихи ықпалды мүмкін ететін қағидалық шарттар қарастырылады. Н.И. Конрад жапон жауынгерлік мәдениеті мен қытайлық Ренессанс туралы сөз қозғаған кезде, ол мәдени дамудың бүкіл әлемдік тарихи деңгейлері бір-бірінен ең алшақ орналасқан мәдени ареалдарда типологиялық ұқсас құбылыстардың орын алуына алып келетінін айтады. В.М. Жирмунскийдің айтуынша: «Бірақ, әртүрлі халықтар әдебиетіндегі тарихи ұқсас құбылыстарды нақты салыстыру барысында әдеби процестің деңгейлік-типологиялық аналогиялары мәселесі міндетті түрде өзінен маңызы төмен емес халықаралық әдеби байланыстар мәселесіне келіп тіреледі. Мұны ескермей кетудің мүмкін еместігі анық. Адамзат тарихында жеке бөліктердің тікелей немесе алшақ байланыс пен өзара ықпал етуінсіз, мәдени және әдеби жағынан абсолютті түрде оқшауланып даму фактілері орын алған емес».

В.М. Жирмунскийдің пікірінше: «Ортақ қоғамдық-тарихи процестің біркелкі еместігі жағдайындағы таптық қоғам дамуын сипаттайтын деңгейлік бірліктің сәйкестігі мен «теңсіздік, қарама-қайшылық пен артта қалушылықтардың» біте қайнасуы мұндай өзара әрекеттесулердің алғышарты болады». Бір жағынан, «өндірісі әлдеқайда дамыған ел артта қалған елге оның болашағының картинасын ғана көрсетеді» деген К. Маркстың танымал пікіріне, екінші жағынан, А.Н. Веселовскийдің «қарсы ағыстар» туралы ойларына сүйене отырып, В.М. Жирмунский кез келген сыртқы әсер имманентті әдеби дамудың жеделдетуші факторы ғана бола алатынын алға тартады. Жоғарыда аталған пікірлер тек өз уақытында мәдениеттердің салыстырмалы зерттелуіндегі ірі қадам болып қана қоймай, сонымен қатар қазіргі күнде де өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Ең алдымен, өзара ықпал ету импульсі ұқсастық, жақындастық қана емес, сонымен қатар айырмашылық болып саналатын кең факторлар шеңбері зерттеушілер назарынан тыс қалып келгенін айта кеткен жөн.

Белгілі бір затқа, идеяға деген қызығушылықты оятатын, оны иеленуге итермелейтін екі мүмкін болатын себепті көрсетуге болады:

- 1) қажет, себебі түсінікті, таныс, маған белгілі танымдар мен құндылықтарға сай келеді;
- 2) қажет, себебі түсініксіз, таныс емес, маған белгілі танымдар мен құндылықтарға сәйкес келмейді.

Мұның біріншісін «өзінікін іздеу» деп, ал екіншісін «бөгдені іздеу» деп анықтауға болады. Мәдениеттерді салыстырмалы түрде зерттеу әлі күнге дейін өзінің үнді еуропалық, мифологиялық «арғы Отанының» қолтаңбасына ие бола қойған жоқ, бұл ұқсастықтар элементтерінің барлық техникасында көрініс тапқан сипат. Әрине, иран және кельт аңыздарының мотивтері арасындағы ұқсастықтарды іздеу олардың арасындағы айырмашылықтың тривиальді фактілеріне назар аударудан гөрі әлдеқайда нәтижелі болар еді. Дегенмен, біз жеке мәдениеттердің жай ғана деңгейлік-параллельдік емес, сонымен қатар имманентті автономдық тарихын жасауда жаңа сатыларды игергенде, адамзат мәдениеті тарихын жасау міндетін алға қойғанда, мұндай материалдың сұрыпталуы бізді дәл осы жіктер әртекті материалды бір тұтастыққа біріктіреді деген еш дәйексіз шешімге алып келеді.



Әрине, әртекті элементтердің өзара әрекеттесуі назар аудартады деп кесіп айту қиын. В.Б. Шкловский мен Ю. Н. Тынянов мәтіннің өзге мәдениетпен игерілгенінде оның функциясының өзгеретініне және осыған байланысты мәтіннің әсер ету процесі оның трансформациясына, түрөзгерісіне байланысты екеніне назар аударған болатын. Осыдан тіпті бір мәдениет ішінде де мәтін әдеби дәстүрдің белсенді мүшесіне айналу үшін таныс, «өзіндіктен», тым болмаса шартты түрде таныс емес, «бөтенге» айналуы тиіс екені белгілі болды.

Д. Дирюшин ұлттық және түрлі әдебиет аясында мәтіндердің өзара әрекеттесуі арасында байланыс тетігі тұрғысынан айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін дәлелдегеннен кейін, бұл ережелердің, компративистика тұрғысынан, маңыздылығы айқын болды. Нақты салыстырмалы зерттеулердің көп бөлігі басқа дәстүр тарапынан игерілуі барысында белгілі бір мәтіндердің және әдеби құбылыстардың түрөзгеруі мен құрылымдық өзгерістерін зерттеуден құралады. Сондықтан бұл мәселе айтарлықтай жаңа тақырып емес. Бірақ теориялық тұрғыда ол әлі де нақты анықтамасынан алшақтау.

Мәтін теориясы бойынша жалпы еңбектермен тығыз байланыстағы Д. Дюришиннің ережесі елеулі маңызға ие болып отыр. Біз ілгеріде оған жеке сана актілерінен бастап жаһандық деңгейдегі мәтіндік өзара әрекеттесулерге дейін қамти алатындай етіп кеңейе алатынын көрсетуге тырысамыз. Алайда бұл мәселені көтермес бұрын, соның аясында болатын аспектіні қарастырып алған жөн деп санаймыз. Бұған дейін зерттеушілер мәтіннің мәтінге әсер етуі мүмкін болатын шарттарға назар аударып келген болатын. Біз сәл басқа тақырыпты, неліктен және қандай жағдайда бөтен мәтін қажет болады деген мәселені талқыламақпыз. Бұны мәселені басқаша қойса да болады: қашан және қай жағдайда бөтен мәтін шығармашылық даму үшін қажет болады.

Кез келген сана логикалық операцияларды, яғни белгілі бір алгоритмдер негізінде кейбір бастапқы ойды трансформациялауды және шығармашылық ойлау элементтерін қамтиды. Осының соңғысы бастапқы ойды белгілі бір деңгейде тосын трансформациялаумен тығыз байланысты болады. Мұндайда аналогтік тетіктер маңызды рөл ойнайды. Алайда бұл аналогиялардың өздерінің міндетті түрде алгоритмизациялануын терістейтіндей етіп құрылуы қажет екенін айта кеткен дұрыс болады. Сонымен қатар, аналогтік тетік мұндайда ықтималдылық сипатқа ие болуы керек деп айта алмаймыз. Бірқатар пікірлер мұндай ұсынысты терістеп тұрғаны байқалады. Мәселен, бұл интеллектуалдық процестердің мақсатты түрде бір реттілігін, яғни статистикалық модельдеуге сәйкес келмейтінін айтар болсақ, ықтималды модельдеу туралы пікірлердің нақты пәнін анықтау қиын болады. Мұндайда аталмыш аналогия аппаратына енетін «шартты эквиваленттілік» туралы сөз қозғаудың әлдеқайда дұрыс екенін айта кеткен жөн. Шамасы, кез келген сана екі ойлау түрінің де элементтерін қамти алатын көрінеді. Дегенмен ғылыми ойлаудың логикалық және көркемдік-шығармашылық құрылымдардың көрінуімен ерекшеленетінін, ал тұрмыстық ойлау бұл осьтің шамамен орта тұсында орналасқанын болжап айтуға болады.

Шығармашылық сананың психологиялық тетіктерін зерттеу біздің құзырымыздан тыс жатқан нәрсе. Біздің алдымызға қойылған мақсатқа жету үшін бізді қызықтыратын жағдаяттың кейбір жалпы кибернетикалық модельденулеріне назар аударған жеткілікті. Тіпті мәтін теориясы бойынша жалпы еңбектерді қысқаша атап өтудің өзі, олардың санының көптігін ескерсек, қиынға соғады. Д. Дюришин мен оның тұжырымдамасына Я. Макуржовский мен М. Бакоштың және Ф. Микко бастаған словак ғалымдарының еңбектері мән-мағына жағынан жақын тұрады.

Шығармашылық сана деп жаңа ақпараттарды ұсынуға қабілетті интеллектуалдық құрылымды атайтын боламыз. Жаңа ақпараттар дегеніміз белгілі бір алгоритм көмегімен бастапқы ойдан шығарып алу мүмкін болмайтын мәліметтер. Мұндайда бастапқы мағлұмат ретінде белгілі бір тілдегі мәтін, нысан-тілдегі, яғни мәтін деп қарастырыла алатын шындықты ала аламыз. Кодтарды оңтайландыруға және адресат пен адресант арасындағы өзара түсіністікті барынша жеңілдетуге талпынумен қатар мәдениет механизмінде тікелей қарама-қарсы процестер де жұмыс істейді. Барлық мәдениеттің дамуы тұлға құрылымын күрделендіру және оған тән ақпаратты кодтау тетіктерін жекешелендірумен тығыз байланысты екені дәлелдеуді қажет етпейді. Қарқынды даму мен қоғамдық-мәдени өмірдің күрделенуі кезеңінде жүзеге асырылып жатқан бұл процесс тағы да тереңдетілген анықтамаларды қажет етеді. Жеке



тұлғаның ішкі семиотикалық құрылымымен тығыз байланысты қоғамдық-коммуникативтік қиындықтардың бар екені анық. Жеке тұлғалар арасындағы өзара түсіністіктің күрделенуіне, толық оқшаулануына алып келетін коммуникативтіліктің күрт бәсеңдеуі қоғамдық дертке айналғаны белгілі. Осыдан келіп шығатын көптеген қоғамдық және тұлғалық трагедияларды тізіп жатудың да қажеті жоқ. Бұның бәрі анық байқалып тұр және ақпарат алмасудағы кез келген өзгерістерді арнадағы шуылдың, коммуникацияның теориялық моделі емес, оның техникалық іске асырылуының кәміл еместігінің нәтижесі деп санайтын бастапқы дәстүрлі ақпарат теориясының ережелерімен анықталады. Алайда бұны зиянды эффект ретінде түсіндіретін ережелер бізді кодтардың жекешеленуі олардың генерализациясы сияқты негізгі процесс екеніне куәландыратын мәдениет тарихына қарама-қайшы келеді. Оған қоса, бұл жағдайда біз дамудың әлдеқайда жалпы проблемасымен бетпе-бет келіп тұрған сияқтымыз.

Көбеюдің биологиялық функциясы мен оның механизмінің эволюциясын қарастырғанда біз жоғарыда аталған ережелермен параллелизмді байқаймыз. Эволюцияның төменгі сатыларында көбею бөліну арқылы іске асырылады, демек, бастапқы тәсіл белгілі бір деңгейде қарапайымдылық пен қолжетімділікке ие. Ары қарай жыныстық таптар пайда болады және ұрықтандыру үшін қарама-қарсы тараптың қажеттігі туындайды. Бұл тіршілікті жалғастыру қажеттілігі қарапайымдылық пен қолжетімділікті қажет етуі тиіс болатын физиологиялық функцияны күрделендіре түседі. Келесі, зоологиялық топтарда жиі кездесетін саты таңдаудың енгізілуімен сипатталады.

Біз тек қарапайым картинасын ғана ұсынып отырмыз. Шынтуайтына келгенде, «өзге жыныстық таптан өзге» формуласына «өзгенің» талап етілуі ғана алғышарт болып отыр: жыныстық тап әлі біреу-ақ, бірақ көбею үшін араларында жыныстық өзгешеліктер әлі қалыптаспаса да, өзгемен қатынасқа түсу қажет болып тұр. Үздіксіз көбейіп отыратын тыйымдар саны жануарлар әлемінде-ақ мәдени даму барысында бірте-бірте күрделене түсетін онсыз-ақ күрделі семиотикалық құбылыс, ұнату пайда болады. Мәдениеттің қандай элементтер көмегімен көбею функциясын күрделендіретініне том-том кітап арнауға болар еді. Коммуникация функциясы сияқты мұнда да бастапқы қызметпен қарама-қайшылыққа алып келетін үздіксіз күрделену процесіне тап боламыз. Белгілі бір себептерге байланысты қарапайым жолмен емес, ең күрделі жолмен іске асыруды талап ететін нәрселерді орындау қажеттілігі туындап отырады. Коммуникативтікке оралсақ, тағы бір аспектіні ескере кеткен жөн болады. Өзара түсіністікті қиындататын кодтау жүйелерін күрделендіру ғана емес. Мәдени даму барысында жіберілетін хабардың семиотикалық құрылымы үнемі күрделеніп отырады, бұл да бір мәнді шешім шығаруды қиындатады. Егер көше белгілерінің хабары – табиғи тілдегі мәтін – поэтикалық талант үлгісінде мәтіндік құрылымдардың күрделілігін ретімен орналастырсақ, онда біріншісі ақпарат қабылдаушымен бір мәнде ғана түсініледі, екіншісі бір мәнді түсіндіруге бағытталады, алайда екіұшты түсініктеме берілуі де мүмкін, үшіншісі бір мәнділіктің қажеттілігін ысырып тастайды. Біз тағы да коммуникативтік парадокспен бетпе-бет келіп отырмыз. Мәтін неғұрлым жоғары мәдени құндылықтарға ие болса, соғұрлым ақпарат алмасуға оңтайлы емес болып шығады.

Осы жағдайлардың барлығында біз жүйенің «техникалық ақауларымен» кездесіп отырмыз ба? Жүйе құнды мәтіндердің түсіндірілуінің қиындатылуынан қандай да бір пайда алады ма? Коммуникативтік және тұтас мәдени жүйе хабар беру функциясымен шектеліп қалмайтынын ескерген жағдайда ғана мұның толық жауабын алуға болады. Онымен қоса олар жаңа хабарларды қалыптастыруды жүзеге асырады, яғни ойлаушы индивидтің шығармашылық санасы қандай рөлде болса, соны атқарады. Мәселен, T1 мәтіні A1 және A2-ден байланыс арнасы арқылы берілуімен шектелмейді, сонымен қатар ол L1 тілінен L2 тіліне аударылуы қажет делік. Егер осы екі тіл арасында бір мәнде сәйкестік бар болған жағдайда, T2-ні жаңа мәтін дей алмаймыз. Оны жай ғана бастапқы мәтіннің енгізілген ережелерге сәйкес түрөзгеруі деп бағалай аламыз. Ал T1 мен T2 бір мәтіннің екі түрлі жазылуы деп бағаланады. Ал, ендігі кезекте аударма L1 тілінен L\* тіліне жасалды делік. Бұлардың арасында тікелей аударма жасау мүмкіндігі жоқ деп есептейік, яғни біріншісінің элементтеріне екіншісінде балама жоқ. Алайда, тарихи жолмен қалыптасқан мәдени конвенция тәртібінде осы екі тіл құрылымдары арасында шартты эквиваленттілік қатынас пайда болады. Мұндай құбылыстар шынайы мәдени процесте заңды түрде және жиі іске асырылады. Барлық жанраралық байланыс жағдайлары бұл



заңдылықтың жеке іске асырылуы болып табылады. Дәл осы жағдайды қарастырып көрейік, себебі аудару мүмкінсіздігі мұнда анық көрініп тұр.

Кинобаяндау тілі мен нарративті тілдік құрылымдарды салыстырар болсақ, бір мәнді аударманың мүмкін болуын толықтай терістейтін сөздік/икондылық, желілік/кеңістіктік, дискреттілік/континуалдылық сияқты негізгі қағидалар арасында айырмашылықтардың бар екені байқалады. Егер бір мәтінге бір мәнді сәйкестікке ие тілдер жағдайында өзге тілдегі бір мәтін ғана сәйкес келе алады десек, онда өз аясында бір-бірінен айырмасы бар мәтіндер, олардың әр қайсысы біреуінің аудармасы болып табылатын болса, мұнда біз анықтама берудің белгілі бір саласына тап боламыз. Бұл жерде қайта аударма жасасақ, ешқашан да бастапқы мәтінге оралмайтынымыз белгілі болады. Демек жаңа мәтін қалыптасты деп толық кесіп айта аламыз. Осылайша, логикалық емес, шартты-эквиваленттік аударма жасау тетігі жаңа мәтіндер қалыптастыруға қызмет етеді, яғни шығармашылық ойлаудың тетігі болып табылады деген тұжырымға келеміз. Барлық шынайы коммуникацияның міндетті шарты болып саналатын А1 хабарды кодтайтын және декодтау жүргізетін тілдің логикаға сай еместігі екі идеалдық модель аясында қарастырыла алады. Біріншісі берілген ортада орын алған хабарларға байланысты циркуляция жүргізуді мақсат етеді. Екіншісі коммуникация барысында жаңа хабар жасап шығару мақсатына ие болады. Бұл тұрғыдан алғанда кодтар арасындағы айырма пайдалы және жұмыс істейтін тетікке айналады. Ал бірінші жағдайда ол арналық шуыл деп бағаланады. Алайда, бұл тетік өз табиғатына сай құрылымдық парадокстарға негізделетін болады.

Олардың негізгісі төмендегілерден тұрады: жаңа хабарламаны генерациялайтын минималды құрылғы А1 мен А2-ден тұратын коммуникациялық тізбек болып табылады. Генерациялау актісі белгілі бір орынға ие болу үшін олардың жеке иерархиялы кодтары және құрылымдық жады бар болуы қажет. Әрқайсысы дербес тұлға, яғни, тұйық құрылымды ұйымдасқан семиотикалық әлем. Алайда А1 мен А2 арасындағы қарым-қатынас мүмкін болу үшін әртүрлі кодтар белгілі бір мағынада біртұтас семиотикалық тұлғаны білдіруі тиіс. Элементтердің дамушы автономиясына деген процесс, оларды өзіндік мәні бар бірліктерге айналдыру және дамып келе жатқан интеграция мен бүтіннің бөлшегіне айналу қозғалысы құрылымдық парадокс құрай отырып, бірін-бірі жоққа шығарады және бірін-бірі көрсетеді.

Мұндай құрылымның нәтижесінде бірегей құрылым жасалады. Бұл құрылымда әрбір бөлшек бір мезгілде әрі бүтін, ал әрбір бүтін бөлшектің қызметін атқара алады. Құрылым екі жағынан үздіксіз күрделенеді – өз ішіндегі барлық элементтерді дербес құрылымдық түйіндерге айналдыра отырып күрделендіру, ал семиотикалық ағзаларға айналдыратын үрдіске ие. Сыртқарыда олармен бірігіп, жоғары деңгейдегі бір бүтінді құрап және өзі де бүтіннің бөлшегіне айналып, өзімен тең ағзалармен байланысқа түседі. Мұндай құрылым екі нұсқада қалыптасады. Бір жағынан, әрбір жеке бірлік өзін қайталанбас, маңызды жеке әлемге айналдыруға тырысатын және бір мезгілде біршама жоғары деңгейдегі құрылым иерархиясына қосылатын, әрбір деңгейде өз кезегінде күрделі тұтастықтың бөлшегі болып табылатын топтық социосемиотикалық тұлға қалыптастыратын нақты адами ұжыммен жұмыс істейміз. Даралау мен жалпылау процестері, жеке адамды барынша күрделі бүтіндікке және бүтіннің бөлшегіне айналдыру қатар жүреді. Екінші жағынан, кез келген көркем мәтін де осылай құрылады. Оның әрбір бөлігі өнерге айналу процесінде біраз тұйық тұтастық құрап және сол деңгейдегі басқа да құрылымдармен ықпалдасып, тұтас күрделенген құрылымның бөлшегі ретінде еніп, күрделенеді.

Бұл екі деңгейде жүзеге асады. Мәтін деңгейінде ол, мысалы, циклизация құбылыстарының пайда болуынан көрініс табады: новеллалар романға ұласады – Бальзактың «Адамзат комедиясы» сериясы немесе Золяның «Ругон-Маккарлары» кейпінде. Осы тұрғыдан 1860 жылғы «Отандық хаттардың прозасы» және «жаңа әлем прозасы» сынды түсініктің қалыптасуы сөзсіз тарихи-әдеби мәтіндік шындық болып табылады. Бұл процесс: цикл, жинақ, бір ақынның, ақындар тобының немесе тұтас бір дәуір ақындарының шығармаларының бір мәтінге айналу құбылысы – кең танымал поэзияда жиі кездеседі. Сонымен қатар қарама-қарсы процестер де жүріп жатады: роман неғұрлым көлемдірек болса, тарау соғұрлым өз ішінде құрылымдық жағынан тұйық, поэзияның циклизациясы неғұрлым ауқымды болса, өлең, сөз, фонема соғұрлым салмақты болады. XX ғ. өнері өзінің өте ауқымды жаһандануымен және маңызды мәтін бірліктерінің алға озған автоматизациясы, олардың абсолюттендірілуі мен өзіндік мәнді-



лігі осының айқын мысалы бола алады. Алайда бұл қозғалыс кодтар деңгейінде де жүзеге асады: әрбір мәтін бірнеше мәрте кодталады. Мағына қалыптасуындағы қақтығыс жеке мәтіндік құрылымдар арасында ғана емес, мәтінде жүзеге асатын тілдер арасында пайда болады. Түрлі өнердің синкреттену толқыны – бір жағынан, архаикалық қоғамның синкретикалық әрекеттерінен заманауи дыбысты киноға, «бейне» поэзияға және т.б. дейін, екіншіден, жекелеген өнер түрлерінің оқшаулығы мен өз-өзіне жеткіліктілігі, өз заңдылықтарында тұйықталған вестерн және детектив секілді жанрлардың қалыптасуы – бұл процестің екі бағытты екенін көрсетеді. Тұлғалық семиотикалық ерекшеліктердің құрылымдық параллелизмі кез келген деңгейдегі мәтінді семиотикалық тұлға ретінде анықтауға, ал кез келген әлеуметтік-мәдени деңгейдегі тұлғаны мәтін ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Мағынаның қалыптасуы статикалық жүйеде жүзеге аспайды. Бұл акт мүмкін болу үшін А1 мен А2 коммуникативтік жүйесіне жаңа хабарлама енуі керек. Биқұрылымдық мәтін жаңа мағыналарды генерациялай бастауы үшін іштей аударма жүйелері арасындағы семиотикалық алмасу процесі пайда болатын коммуникативті жағдаятқа қосылуы керек. Бұдан шығатын қорытынды, шығармашылық сана актісі – қашанда коммуникация актісі, яғни алмасу актісі болып табылады. Шығармашылық сананы ақпараттық алмасу актісі ретінде анықтағанда бастапқы хабарлама жаңаға ұласады. Шығармашылық сана бір құрылымды, оқшауланған және статикалық жүйе жағдайында жүзеге асуы мүмкін емес. Бұдан мәдениетті және мәдени байланыстарды салыстыра зерттеу үшін маңызды бірқатар тұжырымдар шығады. Мәдениеттің имманентті дамуы мәтіндер ұдайы сырттан ағылып тұрмаса мүмкін емес. Сондай-ақ «сырттың» өзі өте күрделі құрылымдық жүйеден тұрады: бұл белгілі бір жанрдың немесе бір мәдениеттің ішіндегі белгілі бір дәстүрдің «сырты» және мәдениеттің ішіндегі барлық хабарламаларды мәдени тіршілік етуші және мәдени тіршілік етпейтін, апокрифті деп бөлетін метатілдік сызықпен сызылған шеңбердің «сырты». Түптеп келгенде, бұл басқа ұлттық, мәдени, ареалдық дәстүрден келген бөтен мәтіндер болып табылады. Шығармашылық сананың актісі секілді мәдениеттің дамуы да алмасу актісі болып табылады және әрдайым сол актіні жүзеге асырысатын – «өзгені» білдіреді.

Бұл бір-біріне қарсы ағыстағы екі процесті өмірге келтіреді. Бір жағынан, серіктеске зәру бола отырып, мәдениет әрдайым өз күшімен әлем мен мәтінді басқаша кодтайтын, басқа сананың иесі болып табылатын сол «бөтенді» өзі жасап отырады. Осынау мәдениеттің қойнауында жасалатын – негізінен оның өзінің үстем кодтарына кереғар болып келетін – образ оның сыртына экстериоризацияланады да, одан тысқары жатқан мәдени әлемдерге жайылады. Мұның айқын мысалы еуропалықтардың экзотикалық мәдениеттерді этнографиялық сипаттауы немесе Тациттің германдықтардың тұрмысын сипаттауы бола алады. Екінші жағынан, сыртқы мәдениет құрылымдарының бұл мәдениеттің ішкі әлемге енуі онымен ортақ тіл табуын білдіреді, ал бұл өз кезегінде олардың интериоризациясын талап етеді. Сыртқы мәдениетпен араласу үшін мәдениет оның образын өзінің ішкі әлеміне интериоризациялауы керек. Бұл процесс диалектикалық тұрғыдан өте қарама-қайшы: сыртқы мәдениеттің ішкі образы мәдени әлемнің қарым-қатынас тілі болып табылады. Дегенмен, бұл коммуникативтік жеңілдік көшірілетін сыртқы нысанның стимуляторлар ретінде құнды, белгілі бір қасиеттерін жоғалтумен байланысты. Мысал келтірейік. Пушкиннің поэтикалық құбылысын 1820 жылдардың басындағы әдебиет пен оқырмандар бұрын-соңды болмаған жаңашылдық ретінде қабылдады. Бұл құбылысты игеру оқырман санасында «Пушкин образының» қалыптасуын талап етті. Осы образ алдағы уақытта әдебиеттің дербес фактісіне айналды. Пушкин оқырман санасында шынайы және динамикалық әдеби құбылыс ретінде екі түрлі рөл ойнады: ол өз әлемін түсіндірді және «аударып берді», яғни түсінілуге себеп болды, барлық жаңа, динамикалық әрі оған жатпайтын нәрселерді алып тастап отырды, яғни түсініспеушілік тудырды. Пушкиннің бұл «сыңары» тұрақты болмады: ақынның шынайы шығармашылық және өмірлік әрекеттері, ол оған қарсы келсе де, оны әрдайым трансформациялап отырды. Бірақ ол да шын Пушкиннің мінез-құлқы мен шығармашылығына әсер етті, өзін ылғи «Пушкин сияқты» ұстауға мәжбүрледі. Ақын өлімінен кейін бұл образ өсу қабілеті мен мәдени белсенділік танытты.

Мәдениеттің ішкі тіліне аударылуы және «бөтен» болуы талап етілетін интериорланған образдың екі жақты рөлі өте күрделі, кейде тіпті трагизмнің мөрі басылған коллизияларды тудырады. Осылайша Ресей-Батыс даулы мәселесі батысшыл орыс деген типті тудырды.



Кітап: Семиосфера

Тарау: 3. Мәдениет және ақпарат

Дәріс: 21. Мәдениеттердің өзара әрекеттесуі теориясының құрылымы  
(семиотикалық аспект)

Ол фигура ішкі мәдени коллизияда батыстың «өкілі» міндетін атқарды. Оны өздерінің Батыс туралы түсініктері бойынша сынға алды. Алайда орыстың батысшылы өз дәуіріндегі кәдімгі батыстық адамға қатты ұқсас болған жоқ, сондықтан да оларды онша жақсы білмейтін: оны бақылап отырған орыс өмірінің кереғарлығында құрастырды. Ол мінсіз, бірақ шынайы Батыс емес еді. Славянофилдер мен басқа да дәстүршілдер және ұлттық даралық жақтастары көбінесе Шишков, Шихматов-Ширинский сияқты неміс университеттерінде білім алған теңізші – англамондар, Тютчев, Константин Леонтьев сияқты өмір бойы шет елде тұрған дипломаттар болуы, ал кейбір батыс ағартушылығын жақтаушы орыстардың Пушкин сияқты ешқашан Еуропада болмауы немесе Еуропаға барып, ол жерде бөтеннің күйін кешкен Белинский сындылардың болуы тегін емес. Орыс батысшылдарының шынайы Батыспен ұшырасуы, әдетте, өздерінің қарсыластарының шынайы орыс өмірімен танысуы секілді қайғылы түңілулерге алып келді. Соған қарамастан, Ресейдің өзінен тыс контекстегі мәдениетті басынан кешіруі ішкі құрылымында орын алатын осындай құбылыстарсыз мүмкін емес еді. Мәдени байланыстың маңызды жағы – серіктесінің атауы, ол өзінің «менің» мәдени әлеміме енуіне, «менің» кодыммен кодталуына және менің ғаламдық бейнемдегі орнының анықталуына мәндес болып табылады. Аналогия бойынша, бөгде әдебиеттің белгілі бір жанрларының әдеттегі түсініктермен сәйкестендірілуі, бөтен мәдени әрекеттің таныс кодтар жүйесінде дешифрленуі немесе әртүрлі әдеби нысандардың шартты түрде теңестірілуі қарастырыла алады. Дегенмен керісіншесі орын алуы да мүмкін: өз атауымды қарым-қатынастағы сыртқы серіктесім маған берген атауға сәйкес өзгертіп алу. Мұндай құбылыстар пікірсайысқа тән: полемикалы түрде қарсылас берген лақап ат иемделінеді және «өз» тіліне енгізіледі де, тиісінше жойғыштығын жоғалтып, оң бағаға ие болады. Кез келген сөзартыс қарсыластар арасындағы ортақ тілдің болуын қажет етеді – тап осы жағдайда мұндай тіл қарсыластың тілі болады, бірақ сонымен қатар ол қарсы тараптың семиотикалық қарусыздануына алып келетін мәдени аннексияға ұшырайды. Осылайша, мысалы, Белинский мектебінің өзін-өзі «табиғи мектеп» деп атауын Булгариннің «Солтүстік арасы» ойлап тапқан еді және басында ол қорлайтын лақап ретінде қолданылған. Пікірталастар барысында қарсыластар қаруларымен алмасып лақап ат дақпыртқа айналды. Мысалы, Александр Блоктың: «Иә, біз – скифтерміз! Иә, біз – азиялықтармыз...» деуін салыстырыңыз. Бұл құбылыс этнонимдер тарихында жақсы белгілі. Сонымен қатар, мәдениеттің өзін-өзі анықтау тарихы, коммуникациялық субъектінің шекарасын белгілеуі мен атауға ие болуы және оның контрагентін – яғни «басқаны» құрастыру процесі мәдени семиотиканың негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Алайда ең бастысын атап өту қажет: сананың динамизмі кез келген мәдени деңгейде, мәдени субъект «өзгемен» қақтығысу процесінде жаңа мәтіндерді жасай отырып, өзін-өзі жоғалтатын шамада – «өзге» болуын тоқтататын басқа сананың болуын талап етеді. Мәдениеттер мен жеке тұлғалардың имманентті дамуын және өзара әрекеттестігін тек ойша бөлуге болады. Шындығында бұл бір бүтін процестің диалектикалық байланысқан және бір-біріне ауысатын қырлары.

Белгілі бір мәтін сол әдебиеттің имманентті дамуы тұрғысынан дәлуақытында болғандықтан сыртқы мәнмәтіннен алынғаны туралы түсінік кеңінен таралған. Ол екі жақты ой-пікірмен азықтанады. Бір жағынан, провиденциялық немесе финалистік көзқарас тұрғысынан қарастырылып отырған тарихи процесс белгілі бір анықталған, зерттеушіге белгілі көзқарас ретінде пайымдалады. Ол өзінде қандай да бір басқаша түрдегі жүзеге аспай қалған түбегейлі мүмкіндіктерге ие болған болуы мүмкін деген болжамға жол берілмейді. Осы көзқарас тұрғысынан, мысалы, орыс әдебиетінің өзінің пайда болу кезінде жалғыз ғана мүмкіндігі болды: ол – XIX ғ. Толстой мен Достоевскийге келу еді. Олай болса, бұл процесте Байрон мен Шиллерге, Руссо мен Вольтерге тарихи тұрғыдан катализатор міндетін атқару маңдайға жазылған дей аламыз. Мұндай тұжырым жасауға кез келген адамның батылы бара бермейді, алайда көп адамдар осы көзқарасты ұстанатындай тұрғыдан пайымдайды. Екінші жағынан, бұдан да шынайы болжам жасалып отыр: зерттеуші өмірде болған оқиғаны жалғыз болуы мүмкін деп қарастырады, заңдылық фактіден шығарылады. Мәдениет тарихшысы іс жүзінде әрдайым ықтималды-статистикалық өңдеуге берілмейтін немесе мұндай өңдеу өте тиімсіз болып шығатындай соншалықты аз, бірегей болып табылатын фактілермен жұмыс істейтінін еске салған жөн. Соның нәтижесінде мәдени қарым-қатынастың белгілі бір фактісін бөліп алып, зерттеуші Байронның әсері барлық жіптердің басы түйінделетін, болмай қоймайтын түйін



секілді тізбектелетін алдыңғы тарихи материалды осы көзқарас тұрғысынан қарастырады. Зерттеушілік метатілдің материалға әсері мәдени процестің имманентті заңдылықтарын ашу деп қабылданады. Бұл ретте жалпы бір түсінік назардан тыс қалады: егер әрбір мәдени қарым-қатынастың мәні жетіспейтін буынды толықтыру мен мәдениеттің эволюциясын алдын-ала белгілі бағытта жеделдету болса, тарихи даму барысында мәдени құрылымның молдығы еселеп арта түсуі керек. Сонымен бірге мәдени байланыстың әрбір фактісі бұл молшылықты арттырып, нәтижесінде тарихи даму барысында оның болжамдылығы бұлжымай өсіп отыруы тиіс. Бұл нақты фактілерге және ақпараттық тетік ретіндегі мәдениеттің құндылығы туралы жалпы түсінікке қарама-қайшы.

Шын мәнінде тура қарама-қарсы процесс байқалады: мәдени дамуға әр басылған жаңа қадам мәдениеттің ақпараттық құндылығын кемітпейді, керісінше, арттырады және сондай-ақ, оның ішкі белгісіздігін, жүзеге асу барысында іске аспай қалған мүмкіндіктерін кемітпей, керісінше, арттыра түседі. Мұндай күрт басып кіру жүйенің ішкі белгісіздігін арттырып, алайда мәдениет өзін-өзі ұйымдастырған жүйе болғандықтан метақұрылымдық деңгейде өзін-өзі сипаттайды. Бұл процесте мәдени құндылықтармен алмасу рөлі шамамен былайша көрініс табады: ішкі белгісіздігі үлкен жүйеге жалаң «мән» болғаны үшін емес, мәтін болғаны үшін сырттан мәтін енгізіледі. Ол мәтіннің өзі қандай да бір тілдің заттанған жүзеге асуын емес, әртүрлі тілдер тарапынан түрлі интерпретацияларға ұшырайтын көп тілді құрылымын білдіре отырып, өз ішінде шиеленісті және жаңа контексте мүлде жаңа мағыналармен ашыла түсетін ішкі белгісіздікке ие.

Мұндай шабуыл бүкіл жүйенің ішкі белгісіздігін күрт арттырады, оның келесі сатысына қарғымалы тосындық сипат дарытады. Алайда мәдениет – өз-өзін ұйымдастыратын жүйе болғандықтан, метақұрылымдық деңгейде ол өзін-өзі әрдайым біртұтас болжамды және қатаң ұйымдастырылған нәрсе ретінде сипаттап отырады. Бір жағынан, грамматиктердің тіл тарихына кері әсер етіп кіруі секілді бұл метасипаттамалар жанды тарихи процеске енеді. Екінші жағынан, олар мәдени функциясы терең қабатында артық белгісіздікке ие болған қатаң тәртіптен тұратын, мәдениеттің шынайы арқау-өзегімен осылайша теңестіруге бейім мәдениет тарихшыларының игілігіне айналады. Сыншы әдеби қозғалыс қалай жүруі тиіс еді деген мәселе турасында жазады. Буало процестің басқаша бағыт алып, қағидалардың бұзылғаны үшін қағидалар қалыптастырады, ал тарихшы оның алдында – нақтының не кем дегенде оның үстем бейнесінің сипаттамасы тұр деп есептейді. Бірде-бір құқықтық өмір тарихшысы XVII ғасырдағы Ресей үкіметінің параға қайта-қайта тыйым салу фактісінен оның жойылғаны туралы қорытынды жасамайды, керісінше, шын өмірде пара алу кеңінен таралған деген болжам жасайды. Дегенмен әдебиет тарихшысы қылмыстық заңдардың шенеуніктер тарапынан орындалуына қарағанда, теоретиктердің болжамдарын жазушылар қатаң түрде орындады деп жорамалдауға өзін құқылы санайды. Мәдениеттің өзін-өзі метасипаттауы оның өзінің негізін қалаушы сүйеніш қаңқа емес, құрылымдық белгілердің бірі ғана, ал тарихшы үшін – дайын тұжырым емес, зерттеу материалы, мәдениеттің басқа тетіктерімен ұдайы күресіп отыратын тетіктерінің бірі болып табылады.